

Білім беру үдерісіндегі білім беру саясаты,
инновациялар және цифрландыру

Образовательная политика, инновации
и цифровизация в образовательном процессе

Educational policy, innovation and digitalization
in the educational process

FTAMP 14.15.01

DOI 10.59941/2960-0642-2024-2-10-22

Алматы облысындағы «50 табысты мектеп» жобасының тиімділігін бағалау: зерттеудің аралық нәтижелері

Д.А. Аманжолов^{*1}, А.Р. Саулембеков², Е.Б. Аубакиров³

¹Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Астана қ., Қазақстан Республикасы

^{2,3}«Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қоры

Астана қ., Қазақстан Республикасы

*d.amanzholov@uba.edu.kz



Аңдатпа. Бұл мақалада Алматы облысында білім сапасын арттыру және педагогтердің шығармашылығын жетілдіру бағытында «Білім-инновация» лицейлерінің көмегімен іске асып жатқан «50 сәтті мектеп» жобасының тиімділігін зерттеудің аралық нәтижелері талқыланды. Мақала бес бөлімнен тұрады. Екінші бөлімде зерттеудің әдіснамасы туралы ақпарат берілді. Үшінші бөлімде зерттеу нәтижесі талқыланды және жоба туралы академиялық тұжырымдар әзірленді. Төртінші бөлімде зерттеудің нәтижесінде алынған тұжырымдардың маңызы мен өзектілігі ашылып, олардың қазіргі академиялық білімдегі орны мен ықпалы түсіндірілді. Соңғы бөлімде негізгі түйіндер жазылды және ұсыныстар берілді. Жобаның тиімділігін бағалау үшін ғылыми зерттеудің сапалық (тереңдетілген сұхбат) және сандық (сауалнама) тәсілімен ақпарат жиналды. Аралас тәсіл жоба туралы сенімді тұжырымдар жасауға және жалпылауға болатын қорытындылар әзірлеуге септігін тигізді. Аралық зерттеу нәтижесінде «50 сәтті мектеп» жобасы педагогтер үшін пайдалы болғандығы анықталды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде жобаның одан әрі тиімділігін арттыру бойынша респонденттердің ұсыныстары талданып, тұжырымдар әзірленді. Жалпы, педагогтерді қолдаудың білім жүйесіне ықпалы туралы дәйекті ғылыми негіз қалыптастыру үшін жоба аяқталғаннан кейін білім сапасындағы өзгерістерге ұзақмерзімді әсерін бағалау қажет.



Кілт сөздер: орта білім, Білім-инновация лицей, педагогтерді қолдау, білім сапасы, Алматы облысы



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:
Аманжолов, Д. А., Саулембеков, А. Р., Аубакиров, Е. Б. Алматы облысындағы «50 табысты мектеп» жобасының тиімділігін бағалау: зерттеудің аралық нәтижелері [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – №2. – Б. 10-22.

Кіріспе

2023-2024 оқу жылында Алматы облысындағы орта білім берудің сапасын арттыру мақсатында «Білім-инновация» лицейлерінің көмегімен педагогтерді қолдау іске асырылуда. Осы жоба аясында «Білім-инновация» лицейлеріндегі оқу, тәрбие және менеджмент процесін ұйымдастырудағы тәжірибелерді Алматы облысындағы білім беру ұйымдарына трансляциялау және жергілікті педагогтерге біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. «50 сәтті мектеп» деген атау берілген бұл жобаның мақсаты, мазмұны, педагогтерге көрсетілетін көмек түрлері және тиімділігін бағалаудың әдіснамасы туралы ақпарат Саулембеков А.Р., Аубакиров Е.Б., Жұмашов Е.Ә. мақаласында жазылған [1]. Сондықтан бұл зерттеуде алдыңғы мақалада көрсетілген әдіснама шеңберінде жобаның аралық нәтижесі қарастырылды.

Зерттеудің мақсаты білім сапасын арттыру және педагогтердің шығармашылығын жетілдіру бағытында Алматы облысында «Білім-инновация» лицейлерінің көмегімен іске асып жатқан «50 сәтті мектеп» жобасының аралық тиімділігін талдау. Зерттеу барысында төмендегі міндеттер алға қойылды:

- жобаның тұжырымдамасында көрсетілген мақсат пен күтілетін нәтижелерге және талаптарға сәйкес іске асып жатқандығын анықтау;
- педагогтерді мақсатты қолдауға бағытталған шаралардың қаншалықты тиімді болатындығын зерделеу;
- жинақталған материалдарды сыни талдау нәтижесінде жобаның аралық тиімділігі туралы ғылыми ақпарат қалыптастыру;
- Жобаны одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Авторлар әлеуметтік «50 сәтті» мектеп жобасының аралық қорытындысын оған қатысушылардың көзқарасы, қанағаттану деңгейін өлшеу негізінде бағалау жүргізді. Сол себепті жобаға қатысушы

педагогтер мен мектеп әкімшілігінің көзқарасын алуға мүмкіндік беретін әлеуметтанулық зерттеу әдістерін қолданды. Атап айтқанда, алдымен сапалық тәсілмен тереңдетілген сұхбат өткізілді. Екінші кезеңде сандық тәсіл аясында әлеуметтік сауалнама арқылы қатысушылардың пікірі жиналды. Осындай аралас тәсілмен жиналған ақпаратты талдау жолымен жобаны іске асырудың өңірдегі білім жүйесіне эффективті туралы академиялық тұжырымдар жасалды.

Мақала бес бөлімнен тұрады. Екінші бөлімде зерттеудің әдіснамасы туралы ақпарат берілді. Үшінші бөлімде зерттеу нәтижесі талқыланды және жоба туралы академиялық тұжырымдар әзірленді. Төртінші бөлімде зерттеудің нәтижесінде алынған тұжырымдардың маңызы мен өзектілігі ашылып, олардың қазіргі академиялық білімдегі орны мен ықпалы түсіндірілді. Соңғы бөлімде негізгі түйіндер жазылды және ұсыныстар берілді.

Материалдар мен әдістер

Бұл бөлімде ақпаратты жинау мен талдау үшін қолданылған әдістер және олардың негіздемесі баяндалады. Жобаның тиімділігін бағалау үшін ғылыми зерттеудің сапалық және сандық тәсілімен ақпарат жиналды. Мұндай аралас тәсілмен жиналған ақпарат зерттелетін нысан туралы сенімді тұжырымдар жасауға және жалпылауға болатын қорытындылар әзірлеуге көмектеседі.

Алдымен ақпарат тереңдетілген сұхбат әдісімен алынды. Мета-теория өкілдері тереңдетілген сұхбаттың артықшылығын зерттелетін әлеуметтік феноменнің астыртын сырларын түсінуге және білуге мүмкіндік беретіндігімен дәйектейді [2, 3]. Тереңдетілген сұхбатқа 3 респондент (2 педагог және 1 директор) қатысты. Тереңдетілген сұхбат арқылы жобаға қатысушылардан сандық тәсілмен алу мүмкін емес ақпарат жинау көзделді. Басқаша айтқанда, респонденттердің көрсетілген көмек туралы пікірін еркін айтуынан мүмкіндік беру, эмоционалды көңіл-күйлерін көрсету жолымен көрсетілген қызмет сапасы

туралы көзқарасын жеткізуді қамтамасыз ету. Респонденттердің пікірін белгілі бір сценарий бойынша бағыттап отыру үшін жартылай құрылымдалған сұрақтар қолданылды. Алдын-ала респонденттерден жинау қажет ақпаратқа негізделген сұрақтар құрастырылды. Сұрақтардың мазмұны мен құрылымы респонденттерге өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде академиялық стандарттарға сәйкес тереңдетілген сұхбат жолымен ақпарат жиналды.

Тереңдетілген сұхбат әдісімен алынған ақпаратты әлеуметтік сауалнама тәсілімен респонденттерден алынған ақпарат толықтырды. Өз кезегінде сандық тәсілдің артықшылығы респондент санының көптігіне байланысты батыл тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді

[4]. Бұл зерттеуде сапалық және сандық әдістері қолданылғандықтан аралас әдіспен зерттеу стратегиясы қолданылды және осы тақырыптағы мамандардың кеңестері ескерілді [5].

Әлеуметтік сауалнама мазмұны дескриптивті (сипаттамалық) – қатысушы педагогтердің жобаны білу, оның пайдасы туралы пікірін сипаттау үшін қолданылды. Сауалнамаға жалпы 993 респондент қатысты, оның 920 (92,6%) әйел және 73 (7,4%) ер. Еңбек өтілі бойынша респонденттердің бөлінісі: 0-4 жыл – 213, 5-9 жыл – 209, 10-14 жыл – 171, 15-19 жыл – 133, 20-24 жыл – 95, 25-29 жыл – 67, 30+ жыл – 105. Орташа еңбек өтілі – 13,7 жыл.

Респонденттердің басқа демографиялық және кәсіби сипаты 1-кестеде берілген.

1-кесте. Респонденттердің сипаты

Сипаты	Өзгермелі	Респондент саны
Өңір	Қарасай	233
	Талғар	193
	Жамбыл	168
	Еңбекшіқазақ	162
	Іле	160
	Қонаев	77
Пәні	Бастауыш сынып	324
	Ағылшын тілі	149
	Математика	104
	Қазақ тілі мен әдебиеті	84
	Биология	60
	Информатика	40
	Физика	40
	Химия	39
	Орыс тілі мен әдебиеті	38
	Тарих	37
	География	23
	Дене шынықтыру	13
	Кәсіби бағдар беру	11
	Басқа	31

Сипаты	Өзгермелі	Респондент саны
Санат	Педагог-модератор	328
	Педагог	275
	Педагог-сарапшы	233
	Педагог-зерттеуші	139
	Педагог-шебер	9
	Санаты жоқ	9
Курсқа қатысу бойынша бөлінісі		
	Құндылықтарға негізделген білім беру	321
	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру курсы	269
	Жаратылыстану-ғылыми пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру курсы	194
	XXI ғасырдағы білім берудің негіздері курсы	173
	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдеріне арналған курс	104
	Информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған курс	31
	XXI ғасырдағы кәсіптік бағдар беру негіздері курсы	14
	Өңірдегі олимпиадалық қозғалысты дамыту бойынша шаралар	1

Нәтижелер

Сапалық зерттеу нәтижесі. Тереңдетілген сұхбат әдісімен алынған респонденттердің пікірінен алынған кодтар 2-кестеде берілген. Жоба туралы ақпаратты жергілікті білім органдары таратқандықтан қатысушылардың ақпаратты *білім бөлімінен естуі* күтілген болатын. Респонденттер көрсетілген қолдаудың маңызын мектептерде *материалдық және құндылықтық-тәрбиелік* өзгерістердің орын алуымен сипаттайды. Бұл респонденттің мектеп әкімшілігі болуын немесе тәрбиелік бағыттағы қолдау шараларына қатысқандығын көрсетеді. Сонымен қатар, осы жобаға қатысқан педагогтер мен мектеп әкімшілігінің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, атап айтқанда *құндылыққа бағдарланған білім беруге көзқара-*

сының өзгергендігі айтылды, директор болса көрсетілген қолдауға 3-4 ай болса да, өз мектебінде позитивті өзгерістер байқалатынын айтты. Көрсетілген қолдаудың тағы бір артықшылығы ретінде *каникул уақытында* өткізілілуі аталып өтілді. Бұл педагогтердің оқу-тәрбие процесіне алаңдамай кәсіби дамуға көңіл бөлуіне мүмкіндік берді. Сондай-ақ, респонденттердің барлығы менторлық қолдаудың болғандығына оң баға берді. Ұсыныс ретінде *курс мазмұнында практикалық жұмыстарды көбейтуді, БИЛ әдіскерлерінің тұрақты онлайн (қашықтықтан) қолдау* көрсетіп отыруы айтылды. Респондент-директор курстан кейінгі қолдауға көбірек көңіл бөлуді ұсынды. Жалпы, үш респонденттің де сұхбаттарында кездескен кодтарды түйіндеу нәтижесінде мынандай түйін жасауға болады: жалпы

қолдау сапалы жүрді, мұндай қолдаулардың каникул уақытында жүруі маңызды, курстар мазмұнында практикалық жұмы-

старды ұлғайту керек және курс барысы мен курстан кейін әдіскерлік-менторлық көмектің болуын қарастыру.

2-кесте. Тереңдетілген сұхбат нәтижесінде алынған кодтар

Жоба туралы қайдан естідіңіз, не үшін қатысқыңыз келді?	<i>Из отдела образования поступила информация о списке школ, включенных в программу. Руководство школы выразило радость по поводу участия в проекте. Учителя прошли курсы повышения квалификации, оборудование для проведения лабораторных работ было закуплено для трех предметов естественных наук. Также была начата работа по внедрению ценностно-ориентированного образования.</i>
Жоба не туралы болады деп ойладыңыз, қандай қолдау болады деп күттіңіз	<i>Многие учителя прошли обучение, и начались изменения не только в образовательной, но и в воспитательной сфере благодаря внедрению образования, основанного на ценностях.</i> <i>Специалисты из района установили различные программы для интерактивных досок, и такое развитие,</i>
Жобаның пайдасы туралы айтып өтсеңіз?	<i>У директора и учителей, принимавших участие в проекте, изменился взгляд на обучение, основанное на ценностях.</i> <i>...были установлены хорошие отношения с другими школами-участницами из близлежащих районов.</i>
Жобада алған ақпаратты өз сабағыңызда қолдануыңыз туралы айтып берсеңіз	<i>Мына жобалардың арқасында мұғалімдердің және оқушылардың потенциалы ашылды.</i> <i>...учителя данной школы смогли осознать важность своей роли и изменить свое отношение к работе, видя в ней не просто источник заработка, а значимый и ответственный вклад в образование и развитие молодого поколения.</i>
Сіздің ойыңызша, жобаны әрі қарай қалай жетілдіруге болады?	<i>Обучение в летнее время было удобным, так как учителя не отрывались от учебного процесса.</i> <i>Помощь и поддержка менторов оказалась эффективной. Они часто приезжают, исправляют ошибки, направляют и помогают учителям использовать лабораторное оборудование.</i> <i>Было бы хорошо, если бы курсы организовывались на время каникул, чтобы не мешать учебному процессу.</i> <i>Также методисты из БИЛа могли бы провести онлайн-обучение по использованию лабораторного оборудования.</i> <i>Больше практической работы на курсах было бы хорошим дополнением, включая выезды в другие школы для наблюдения и практического опыта.</i>

Сандық зерттеу нәтижелері. Әлеуметтік сауалнама арқылы алынған ақпарат сапалық зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдарды толықтырды. Сауалнама мазмұнында өте көп сұрақ болғандықтан бұл мақалада тек жобаның іске асырылуын бағалауға мүмкіндік беретін сұрақ нәтижелері ғана қарастырылды.

Талданған сұрақтар тізімі мен әр курс бойынша респонденттердің берген жауаптарының нәтижелер мен әр курс бойынша респонденттердің берген жауаптарының нәтижелері 3-кестеде берілген. Төменде осы кестедегі ақпаратты талдау нәтижесінде шығарылған тұжырымдар талқыланды.

Жалпы, әлеуметтік сауалнама нәтижесі курстардың барлығы қатысушылардың басым бөлігінің көңілінен шыққандығын анықтады. Әрбір курс бес баллдық шкаламен орташа төрттен жоғары балл алған. Бұл жоғары көрсеткіш. Сондайақ, баллдық көрсеткіштер де барлық сұрақтар бойынша біркелкілігі байқалады. Курстар арасында және сұрақтар бойынша ішінара айырмашылықтар байқалады, олардан шығатын тұжырымдар келесі абзацтарда кеңірек сипатталды.

Дегенмен, сауалнама сонымен қатар курс мазмұнын біршама жетілдіру тұрғысынан қайта қараудың болашақта пайдалы болатындығын көрсетті. Мұнда көңіл бөлінуі тиіс фактор, курс мазмұнында және үлестірме материалдарда практикалық ақпарат көлемін ұлғайту. Бұл мәселе барлық курсқа қатысты екендігін кестедегі сандар дәлелдейді.

«XXI ғасырдағы білім берудің негіздері», Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру, «Құндылықтарға негізделген білім беру», «Жаратылыстану-ғылыми пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру» курстарының алған баллдары біркелкі. Бұл курстарға кері байланыс берген респондент саны да көп болғандықтан ол баллдардың сенімділігі дәйекті.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері үшін «Effective Teaching Skills – English» және «Информатика» пәнінің мұғалімдеріне арналған курс жалпы жақсы балл алғанымен, басқа курстармен салыстырғанда көрсеткіштері төмен. Бұл тұста кестедегі сандарға қарап, алғашқысындағы өзекті мәселе сыныпта қолдануға болатын практикалық ақпарат санын күшейту. Ал, екіншісінде болса респонденттер курс тренеріне және курста үйренген ақпаратты сыныпта қолдануға мүмкіндік беретін материалдар санын көбейтуге қатысты жетілдіруді қажет ететін аспектілерді көрсеткендігі аңғарылды. Осы екі аспектіге көбірек көңіл бөлу, тренердің коммуникациясын күшейту және практикалық материалдарды көбейту тұрғысынан курсты қайта қарастыруы маңызды.

Кестегі сандардан «XXI ғасырдағы кәсіптік бағдар беру негіздері» курсына респонденттердің берген жауаптарының орташа балындағы айырмашылық бірден байқалады. Бұл айырмашылықтың себебін респонденттер санының аздығымен түсіндіруге болады. Егер басқа курстарға кемі 100-ден аса респондент жауап берсе, бұл курсқа тек 13-14 қатысушы ғана жауап берген. Респонденттердің аздығын жалпы педагогкәсіби бағдар беруші санының аздығымен байланыстыруға болады. Жалпы, кестедегі ақпарат курстың құрылымын қайта қарап (салыстырмалы түрде төмен балл – 4,5), оның мазмұнында педагогтерге өз жұмысында көбірек пайдалы практикалық ақпаратты көбейтудің маңыздылығын көрсетті.

Сауалнама барысында жиналған келесі бір маңызды ақпарат – респонденттердің өз ұсыныспікірлерін жазуға мүмкіндік ұсыну болды. Мұндай кері ұсыныс алу тәсілі респонденттердің өз ойын жазуына еркіндік берді. Сондықтан осы тәсіл арқылы курс мазмұны бойынша маңызды кері байланыс алынды. Мұндағы ақпарат курс пен кәсіби қолдау шараларға қатысты батыл тұжырымдар жасауға көмектесті.

Сауалнама аяқталғаннан кейін оның нәтижелерін талдау барысында респонденттердің әр курс бойынша жазған барлық ұсыныстары жиналды. Көптеген қатысушылар «рақмет!», «барлығы сапалы» т.б. бағыттағы қысқа жазылған ризашылық кері байланыс берумен шектелді. Мұндай комплименттік бағыттағы кері байланыстар қолдаудың сапалы өткендігін көрсеткенімен, жобаның мазмұнын одан әрі жетілдіру тұрғысынан құнды ақпарат болмағандықтан одан әрі талдауға алынбады. Әр курсқа берілген басқа ұсыныстар кестеге жазылды (4-кесте). Ол ұсыныстар кері байланыс берілген курс атауы көрсетілген бағанға жазылды. Одан кейін, әр бағанда қайталанатын ұсыныстар алынып тасталды. Мысалы, жаратылыстануғылыми пәндер бойынша курсқа кері байланыс берушілер ақпараттық коммуникация құралдарымен жұмыс құзіретін дамытуды үш рет жазғандықтан, олардың біреуі ғана қалдырылды. Әрі

3 кесте. Сауалнама нәтижелерінің көрсеткіштері (орташа балмен немесе респондент санымен)

Сауалнама сұрағы	Курс тренері кәсіби білімі мен тәжірибесін қалай бағалайсыз?	Курс тренері сізбен қаншалықты тиімді қарым-қатынас орнатты?	Курстың мазмұны сіздің қазіргі оқыту тәжірибеңізге қаншалықты өзекті?	Курстың жалпы ұйымдастырылуы мен құрылымын қалай бағалайсыз?	Курс үйренген ақпаратты сыныпта қаншалықты тиімді пайдаланасыз?				
					Өте тиімді	Тиімді	Орташа	Бір-шама	Еш пайдмын
Курстың атауы									
«XXI ғасырдағы білім берудің негіздері» курсы	4,5	4,6	4,5	4,5	34	72	29	34	2
Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру курсы	4,8	4,7	4,7	4,7	58	95	45	64	2
«Құндылықтарға негізделген білім беру» курсы	4,7	4,7	4,7	4,7	71	145	52	47	1
«Жаратылыстану-ғылыми пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру» курсы	4,7	4,7	4,5	4,6	32	74	42	42	1
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері үшін «Effective Teaching Skills – English» курсы	4,6	4,7	4,4	4,4	10	52	21	18	2
«Информатика» пәнінің мұғалімдеріне курс	4,2	4,4	4,6	4,6	7	10	7	3	2
«XXI» ғасырдағы кәсіптік бағдар беру негіздері» курсы	4,8	4,6	4,8	4,5	2	5	1	5	0

қарай оқырманға ыңғайлы болуы үшін мазмұны жақын ұсыныстар баған ішінде агрегатталып, топтастырылды. Соның нәтижесінде, 4-кестедегі пікірлердің вертикальды бағыты ұсыныс берілген курс атауын көрсетсе, горизонтальды бағыты

Респонденттер жазған ұсыныстарды агрегаттау нәтижесінде мазмұны бойынша бес топқа бөлінді. Бірінші топқа педагогтердің коммуникациялық және цифрлық қабілетін дамытумен байланысты. Педагогтердің ақпараттық және цифрлық технологиялармен жұмыс бойынша құзіретін дамыту барлық курс нәтижесінде берілген ұсыныс болды. Сонымен қатар, респонденттер балалармен, атааналармен коммуникацияны жетілдіру мәселесін көтерді. Кестеде бұл топқа кірген ұсыныстар жасылмен боялған.

Ұсыныстардың келесі тобына пәнді оқыту бойынша әдістемелер мен педагогтердің пәндік білімін арттыруға қатысты пікірлер жиналды. 4-кестеде бұл ұсыныстар сарымен боялған. Бұл топқа кірген ұсыныстардан шығатын қорытынды, педагогтерге пән бойынша кәсіби құзіретін дамыту мәселесі өзекті. Бұл мәселені алдағы уақытта ескеру қажет. Курстардың мазмұнында пәнді оқыту әдістемесі, пән бойынша соңғы академиялық жаңалықтар, күрделі тақырыптарды түсіндіру т.б. тақырыптардың курс мазмұнында болуын қарастыру өзекті.

Білім алушылардың түрлі психологиялық және физиологиялық қажеттілігіне сәйкес оқытуды бейімдеуді үйретуді сұраған ұсыныстар жеке топқа жіктелді. Себебі ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК), дарынды, оқуға ынтасы төмен балалармен жұмыс жасаудың жолдары бойынша ақпарат беру туралы сұраныстар саны көп. Бұл соңғы жылдары өзектілігі артқан осы мәселе бойынша педагогтерге ақпарат берудің әлі де жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұл топтағы ұсыныстар қою көк түспен ерекшеленген.

Пікірлердің басқа бір тобы «жалпы және сыни ұсыныстар» категориясына жатқызуға болады. Сыни ұсыныстардың арасында курсты ұйымдастыруға қатысты,

сондайақ модульдерге қатысты реніштер де кездесті. Бұл ұсыныстар жобаны келесі жолы іске асыруда ерекше назар аударуды қажет етеді. Мұндағы ұйымдастырудағы кемшіліктермен байланысты кейбір ұсыныстарды (мысалы, сертификатты ұзақ күту) түзету оңай, алайда басқаларын ескеру үшін қосымша ресурстар керек (мысалы, мұғалімдердің қажеттіліктеріне қарай курстар ұйымдастыру). Назар аудартатын тағы бір пікір «жазғы демалыста мазаламауды сұрау» туралы ұсыныс болды. Жоғарыда, сапалы әдіспен алынған ақпаратта керісінше сабақ басталмай тұрып курсты ұйымдастырудың тиімділігін айтса, бұл жерде оған қарсы ұсыныс берілген. Бұл қайшылықты қатысушылардың әлеуметтік жіктелуімен байланыстыруға болатын шығар. Басқаша айтқанда, оқу жылының алдында курс өткізуді қолдаған респондент мектеп директоры, ал қарсы болғандар педагогтер болуы ықтимал. Дегенмен, жобаны іске асыру барысында осы мәселеге де назар аудару өзекті.

Респонденттер жазған ұсыныстардың келесі тобы білім жүйесімен байланысты. Бұл ұсыныстар курсты ұйымдастырушылар немесе жергілікті білім саласындағы органдар құзіретіне жатпайтын, жалпы білім жүйесі мен орталық уәкілетті органның функциясына кіретін ұсынымдар. Ойландыратын мәселе, осындай ұсыныстардың көптігі және респонденттердің курсты ұйымдастырушылардың құзіретіне жатпайтынын ескермеуі. Бұл мәселе одан әрі тереңірек зерделеуді қажет етеді.

Талқылау

Жалпы, жүргізілген зерттеу нәтижесі «50 сәтті мектеп» жобасының педагогтерге пайдалы болғандығын дәлелдеп отыр. Аралық зерттеу нәтижесі Алматы облысында іске асырылып жатқан педагогтерді кәсіби қолдау жұмыстары қатысушылардың оң бағасын алғандығын көрсетті. Сонымен қатар, жобаға қатысушылар арасында жүргізілген аралас әдіспен зерттеу педагогтерді қолдауды одан әрі іске асыруда көңіл аударылуы қажет аспектілерді анықтап берді. Бұл ұсыныстарды ескеру жобаны сапалық тұрғыдан күшейтуге алып келеді және тұтынушылардың қа-

4-кесте. Кәсібі қолдауды жетілдіру бойынша респонденттердің ұсыныстары

Курс атауы	«XXI ғасырдағы білім берудің негіздері» курсының өткізу	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру курсы	«Құндылықтарға негізделген білім беру» курсы	«Жаратылыстану-ғылыми пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерінің пәндік құзыреттілігін арттыру» курсының өткізу	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері үшін «Effective Teaching Skills – English» курсы	Информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған курс	Ұйымдастырушыларға басқа пікір немесе ұсыныстарыңыз бар ма?
Қызығарсыздық	<ul style="list-style-type: none"> • Буллинг, ата-аналармен жұмыс • Презентация, classroom design • Мұғалімдерге жасалатын қысым, қиындықтар және оларды жеңу жолдары • АКТ • Коллаборативтік жұмыстары туралы көбірек ақпарат алуға сақ тиімді болар еді • Мұғалім - ата-ана оқушы арасындағы байланыстың тиімді жолдары туралы әдістер • Ата-аналар мен қарым-қатынас • Биология пәнінен модельдеу жүргізу, генетикалық есептер шығару оңай жолдары • Лекция по теории вероятностей и комбинаторике, решение задач 	<ul style="list-style-type: none"> • АКТ-да қолдануды • АКТ қолдану, әр түрлі ойын түрлерін жаңаша форматта үйретсе • Материал «Работа с родителями» • Бастауыш мұғалімдерінің сабақты түсіндіруге ресурстардың қолжетімді болса • Логикалық есептерді шешу жолдары • Сандық білім беру • Логикалық тапсырмалар • ЕБҚ оқушыларға тиімді әдістер болса • Бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейін арттыруға арналған тапсырмалар • Жылдам оқу, ментальды арифметика • КМЖ-ның нормативімен жұмыстар 	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушы психологиясы • Ақтны көп қолдануды • Плейкерс • «Оқушы, ата-ана, ұстаз қарым-қатынасын» • жақсартуға негізделген тиімді көмекші құралдар техникалық базаны нығайтуға қолдау болса» • Психология • Математикадан тиімді әдістер болса. Логикалық ойлауды дамытатын • қиын балалармен жұмысты нақтырақ түсіндіріп берсе, тек бір күн болды сабақ осы тақырып бойынша, көп сұрақтарға жауап алуға уақыт жетпеді 	<ul style="list-style-type: none"> • Ақпараттық құралдар түрін жетік үйрету курсының қажет мысал Steam • Графикалық сызбалар • Бейне материалдар көп болса, тиімді болар еді • Тапсырмаларды онлайн платформаларда құрастыру • Пликерс • Комбинаториканы тереңірек оқу • Вектор • Гебер теориясы • Метод Ганье • Картография • Псынып • Ықтималдыққа көбірек еселтер шығару жолдары қарастырылса 	<ul style="list-style-type: none"> • АКТ арқылы тиімді платформалар • АКТмен жұмыс түрлерін • Оқулықпен жұмыс істеп көрсету • Курсты 16.06.2023 оқыдық Әлі сертификатты бермеді. Ұйымдастырушылық жағын жөндесе • Мектеп оқушыларына сабақ кезінде қолдануға болатын әдістерді қосуды ұсынамын. • Қазіргі курстар яғни ағылшын тілі курстарында көбінесе жоғары оқу орнына бағытталған, мектеп оқушыларына қолданбайтын білім дер кезінде жатады. 	<ul style="list-style-type: none"> • Компьютерлер сол орталықтың өзінде болса. • Өмірге қажеттілігі бойынша көптеген бейне материалдар болса, тиімді болар еді • Онлайн оқытпай 2 апта сабақ кезде оқытса жазғы демалыста мазаламай • Офлайн болса 	<ul style="list-style-type: none"> • Создать курсы по лабораторным работам и оборудованию • Курстар өз пәні бойынша тереңдетіп оқыту • Оқушылар қызығатын математика сабағын жақсы көретіндей қызықты есептер • Химия және биология пәнінен курстар ұйымдастырылса • Ұйымдастырушыларға жиі осындай курс ұйымдастырып, мектептерге қолдау жасаса. • Жобаның ұзақ мерзімді жұмыс жасалуы, мұғалімдердің кәсібі өсуіне, мотивация беретін тиімді курстардың тағы ұйымдастырылуы, менторлық қолдаудың жалғасуы, мұғалімдерге жалпы қолдау көрсету, мұғалімдерге осы жоба аясында конкурстар ұйымдастыру.

Курс атауы	«ХХІ ғасырдағы білім берудің негіздері» курсының өткізу	Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған біліктілік арттыру курсы	«Құндылықтарға негізделген білім беру» курсы	«Жаратылыстану-ғылыми пәндері (математика, физика, химия, биология) мұғалімдерінің пәндік қуыреттілігін арттыру» курсының өткізу	Ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері үшін «Effective Teaching Skills – English» курсы	Информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған курс	Ұйымдастырушыларға басқа пікір немесе ұсыныстарыңыз бар ма?
Ұсыныстар	<ul style="list-style-type: none"> • Тәрбие сағатын жоспарлау әдістерін қосса • Сабақ уақытын тиімді, дұрыс бөлу туралы ресурстар • Класс жетекшілік • Бастауыш сыныпта жылдам оқыту технологиясын дамыту • Ұсыныс көп, бірақ ол ұсыныстар орындалады, жоқпа? • Тек офлайн курс өтілсе • 10-11 сынып тақырыптарын • Шет елдік тәжірибе • Сертификаттарын берсе тиімді болар еді. Курста уақытыңды бөліп барасын бірақ сертификат берілмейді. 	<ul style="list-style-type: none"> • ЕБҚ • Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты қосса деймін • Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс • Дарынды балалармен жұмыс • Баламен сауалнама жүргізу • Законы • Әр кез балаға жаңаны үйретсе білу • Оқып болғаннан кейін қорғаудың қажеті жоқ деп ойлаймын • Курс ауылды аймақтарда өтсе • М. Жұмабаевтің педагогика және ұлттық тәрбие туралы материалдарын ұсынар едім. • Дүниетану жаратылыстану пәндерін басқа пәндер сияқты оқытса 	<ul style="list-style-type: none"> • Қиын балалармен жұмыс • ЕБҚ оқушыларға тиімді әдістері ҚМЖ үлгісін құндылық бойынша өзгертсе • Курстағы іс-тәжірибені өз мектебінде жасап нәтиже көрсеткен ұстаздарды мадақтауды ұсынар ем • Курс материалдар екі тілде (орысша, қазақша) болуын қалаймын • Тренинг, видео сабақтар • курс өте жоғары деңгейде өтті және де болашақта орыс тілінде де болса екен деп ұсынар едім • Мен орыс мектебінде істегенде Курс орысша болғанын қалар едім • Бастауыш сыныпқа көп олимпиадалар болса 	<ul style="list-style-type: none"> • 7-сынып бағдарламасын • Туынды • Курсқа ештенме үйренбедім, пенсияға жақын адам жүргізді, ескі форматта, негізі жаңашылдықты күткенмін • Оқушы жағдайына байланысты ең тиімді • ҚМЖ-ға құндылықтарды кіріктіру • 11 сынып тақырыптарын көп қосу • ҚМЖ талдау • 10-11 сынып тақырыптары • Сыныптан тыс жұмыстар • Курс түске дейін ғана болғаны дұрыс • Белмей бәрін бір оқыту керек еді • 2-бөлімін әлі оқымадық • Сапалық тапсырмалар және логикалық тапсырмалар көп болса 	<ul style="list-style-type: none"> • Қазіргі таңда оқулықта оңай мәтіндер берілген. Ал біз мұғалімдер күрделі ден бастап курстардан білім аламыз. Соған байланысты оқулықтарда да осындай бағытта шықса 	<ul style="list-style-type: none"> • Компьютерлер сол орталықтың өзінде болса. • Өмірге қажеттілігі бойынша көптеген бейне материалдар болса, тиімді болар еді • Онлайн оқыптай 2 апта сабақ кезде оқытса жазғы демалыста мазаламай • Офлайн болса 	<ul style="list-style-type: none"> • Ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, курс уақытын ұзартып зертханалық жұмыстар эксперименттердің жасалу тиімділігін қосып өтілсе • Курс онлайн жалғастыру, болмаса үлгілі сабақ жүйесін ұсыну • Менторлық қолдауды жалғасын, курстар ұйымдастыру • Басқа пән мұғалімдерімен қамтылса, білім деңгейі одан да жоғары болар еді • Сабаққа қатысу барлық мектептерге жүргізілмеді, тандаулы ғана. Соның себебін білмедім. Семинарлар ұйымдастырылса деген ұсыныс • Мұғалімнің сұранысына қарай әртүрлі бағытта курстар ұйымдастырылса • Жазда демалыста мазалауды сұраймыз • Ұсынысым тез -тезден курстар бол • Мұғалімнің бәрінен тест алып тасталса екен

нағаттану деңгейін өсіреді. Зерттеу нәтижесінде бірнеше маңызды қорытындылар алынды.

Алдымен, зерттеу нәтижесі осы жобаны одан әрі іске асыруда және басқа контекстерге трансляциялауда кедергі болатын факторларды анықтамады. Респонденттер берген ұсыныстар, жалпы жобаның сапасын арттыруға бағытталған. Жоба қатысушылары оқу тәрбие процесіне немесе қатысушыларға теріс ықпал ететін факторлар барлығын жазбады. Сондайақ, іске асырылу барысында жобаның мақсатына немесе күтілетін нәтижелеріне сәйкеспейтін проблемалар айтылмады.

Одан кейін, жобаны іске асыруда ықтимал риск немесе сынқатер ретінде анықталған негізгі мәселе – педагогтердің өздері үйренген ақпаратты сыныпта қолдануы. Басқаша айтқанда, кәсіби қолдау жұмысына қатысқаннан кейін педагогтер онда үйренген ақпаратты өз сабақтарында, тәжірибелерінде қаншалықты тиімді пайдаланып отырғандығын зерделеу қажет. Осы зерттеу барысында бұл мәселеде риск байқалғанымен, ақпарат бастапқы кезеңде жиналғандықтан сенімді қорытынды жасау қиын. Бұл бағытта одан әрі зерделеу жүргізу, жобаны тиімді іске асыру туралы кең түсінік қалыптастыру контекстінде өзекті.

Сонымен қатар, жүргізілген зерттеу нәтижесі жобаны басқа контекстідерге трансляциялауда ескерілуі тиіс өзекті тұжырымдар әзірлеуге мүмкіндік берді. Біріншіден, педагогтерге бағытталған кәсіби қолдау шараларын іске асыруда алдымен олардың қажеттіліктерін зерделеудің маңыздылығын көрсетті. Мұндай тәсілдің артықшылығы объектінің сұранысына бейімделген шараларды жүргізуге мүмкіндік береді. Sullivan зерттеулерінде де педагогтерді қолдауда мектеп саясатымен тығыз байланыстырады, бұл олардың қажеттіліктерін анықтауға көмектескен [6]. Екіншіден, педагогтерді қолдаудың мектеп базасында ұйымдастыру мәселесіне назар аудару маңызды. Білім беру ұйымының әлеуетін зерделеу нәтижесінде оған мақсатты көмек көрсету тиімді. Ал, Gottfried мақсатты

зерттеуді оқушы мен педагог арасындағы қарым-қатынас арқылы қарастырады [7]. Үшіншіден, курстардың мазмұнында практикалық тапсырмаларды көбейту, сыныпта қолдану бойынша қосымша кеңестер мен консультациялар өткізу өзекті, педагогтерді кәсіби қолдау жұмыстарын офлайн өткізіп, қашықтықтан консультациялық көмек беруді ұйымдастыру қажет. Басқаша айтқанда, курсты немесе оның бір бөлігін офлайн форматта өткізіп, қосымша көмек пен курстан кейінгі қолдауды онлайн консультация форматында өткізу мәселесін қарастыру өзекті [8]. Осы ұсыныстарды ескеру қатысушылардың қанағаттану көрсеткіштерін арттыру тұрғысынан ғана емес, жалпы жобаның өнімділігін жақсарту контекстінде де өзекті. Бұл тұста ескерілуі тиіс маңызды мәселе, жоғарыдағы шараларды ескеру сәйкесінше ресурстық шығындарды арттыруға алып келеді. Қаржылық, кадрлық және уақыттық ресурстың шектеулі болуы өз кезегінде жұмыстарды ұйымдастыру жоспарына да ықпал етеді [9].

Қорытынды

Қорыта келе, респонденттердің басым бөлігінің бағалауы бойынша педагогтерді кәсіби қолдау сапалы іске асырылуда. Іске асырылған шаралар бойынша 5 баллдық шкаламен сауалнама сауалнама арқылы алынған кері байланыстың орташа балы 4,5-4,8 арасында болды. Дегенмен, респонденттер қолдаудың сапасын іске асыру үшін бірқатар құнды ұсыныстар берді. Атап айтқанда курстарды офлайн өткізу, оқытуда практикалық тапсырмаларды көбейту, ақпараттық коммуникациялық технологияларды көбірек қолдану, курс барысында және аяқталғаннан кейін тұрақты онлайн консультациялар ұйымдастыру сияқты ұсыныстарға назар аудару маңызды. Бұл тұста, респонденттердің бірқатар ұсыныстарын ескеру өз кезегінде қосымша ресурс қажет ететіндігін ескеру маңызды. Сондықтан педагогтерді кәсіби қолдауға бағытталған жұмыстар әрқашан ресурс көлеміне тәуелді. Жалпы, респондент-

тердің басым бөлігінің пікірі жүргізілген кәсіби қолдаудың нәтижесінде оқу тәрбие процесінде оң өзгерістердің жүріп жатқандығын, педагогтердің сабақты ұйымдастыруға жаңа көзқараспен қарау байқалатындығын көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Саулембеков, А. Р., Аубакиров, Е. Б., Жұмашов, Е. Ә. Білім сапасын арттыру контекстінде мектептерді кешенді қолдау: «50 сәтті мектеп» жобасы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №4. – Б. 10-26.
2. Kvale, S., & Brinkmann, S. (2009). Interviews: Learning the craft of qualitative research interviewing. sage.
3. Magnusson, E., & Marecek, J. (2015). Doing interview-based qualitative research: A learner's guide. Cambridge University Press.
4. Watson, R. (2015). Quantitative research. Nursing standard : official newspaper of the Royal College of Nursing, 29(31), 44-48. <https://doi.org/10.7748/ns.29.31.44.e8681>
5. Schoonenboom, J., & Johnson, R. B. (2017). How to construct a mixed methods research design. Kolner Zeitschrift fur Soziologie und Sozialpsychologie, 69(Suppl 2), 107.
6. Sullivan, S., McIntyre, J. How Can University Teacher Educators Contribute Towards a 'Better Normal' Within a Highly Regulated Policy Space? // Building a Better Normal: Visions of Schools of Education in a Post-Pandemic World. – Emerald Publishing Limited, 2024. – P. 95-117.
7. Gottfried, M., Little, M., Ansari, A. Novice Teachers and Student Attendance in Early Elementary School // Educational Policy. – 2024. – P. 08959048241231952.
8. Alsalamat, M. K. M. Secondary Stage Science Teachers' Perceptions toward STEM Education in Saudi Arabia // Sustainability. – 2024. – T. 16. – №. 9. – P. 3634.
9. Silva, T. P. et al. Financial education level of high school students and its economic reflections // Revista de Administração (São Paulo). – 2017. – T. 52. – P. 285-303.

vista de Administração (São Paulo). – 2017. – T. 52. – P. 285-303.

References

1. Saulembekov, A. R., Aubakirov, E. B., Jūmaşov, E. Ä. Bilim sapasyn arttyru kontekstinde mektepterdi keşendi qoldau: «50 sätiti mektep» jobasy [Comprehensive support of schools in the context of improving the quality of education: the project «50 successful schools»] [Mätin] // «Bilim» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №4. – Б. 10-26.
2. Kvale, S., & Brinkmann, S. (2009). Interviews: Learning the craft of qualitative research interviewing. sage.
3. Magnusson, E., & Marecek, J. (2015). Doing interview-based qualitative research: A learner's guide. Cambridge University Press.
4. Watson, R. (2015). Quantitative research. Nursing standard : official newspaper of the Royal College of Nursing, 29(31), 44-48. <https://doi.org/10.7748/ns.29.31.44.e8681>
5. Schoonenboom, J., & Johnson, R. B. (2017). How to construct a mixed methods research design. Kolner Zeitschrift fur Soziologie und Sozialpsychologie, 69(Suppl 2), 107.
6. Sullivan, S., McIntyre, J. How Can University Teacher Educators Contribute Towards a 'Better Normal' Within a Highly Regulated Policy Space? // Building a Better Normal: Visions of Schools of Education in a Post-Pandemic World. – Emerald Publishing Limited, 2024. – P. 95-117.
7. Gottfried, M., Little, M., Ansari, A. Novice Teachers and Student Attendance in Early Elementary School // Educational Policy. – 2024. – P. 08959048241231952.
8. Alsalamat, M. K. M. Secondary Stage Science Teachers' Perceptions toward STEM Education in Saudi Arabia // Sustainability. – 2024. – T. 16. – №. 9. – P. 3634.
9. Silva, T. P. et al. Financial education level of high school students and its economic reflections // Revista de Administração (São Paulo). – 2017. – T. 52. – P. 285-303.

Оценка эффективности проекта «50 успешных школ» в Алматинской области: промежуточные результаты исследования

Д. А. Аманжолов*¹, А. Р. Саулембеков², Е. Б. Аубакиров³

¹Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина
г. Астана, Республика Казахстан

^{2,3}Международный общественный фонд «Білім-инновация»
г. Астана, Республика Казахстан

*d.amanzholov@uba.edu.kz



Аннотация. В данной статье обсуждаются промежуточные результаты исследования эффективности проекта «50 успешных школ», реализуемого при содействии лицеев «Білім-инновация» в Алматинской области, направленной на повышение качества образования и совершенствования творчества педагогов. Статья состоит из пяти частей. Во второй части представлена информация о методологии исследования. В третьем разделе обсуждались результаты исследования и были разработаны академические выводы о проекте. В четвертой части раскрывается значение и актуальность выводов, полученных в результате исследования, объясняется их место и влияние в современном академическом образовании. В заключительном разделе были изложены основные выводы и даны рекомендации. Для оценки эффективности проекта авторами было проведено комплексное исследование, включающее как качественные (углубленные интервью), так и количественные (анкетирование) методы сбора данных. Использование смешанного подхода позволило сделать достоверные и обобщаемые выводы. Промежуточные результаты свидетельствуют об эффективности проекта для педагогического состава. Кроме того, в ходе исследования были выявлены предложения респондентов по дальнейшему повышению эффективности проекта, которые были проанализированы и отражены в соответствующих выводах. Авторы отмечают, что для формирования полноценной научной базы о влиянии поддержки педагогов на систему образования необходимо оценить долгосрочное воздействие проекта на качество образования по его завершении. Данный аспект определен как перспективное направление для дальнейших исследований.



Ключевые слова: среднее образование, образование-инновационный лицей, поддержка педагогов, качество образования, Алматинская область

Assessing the Effectiveness of the “50 Successful Schools” Project in Almaty Oblast: Interim Results of the Study

D. A. Amanzholov^{*1}, A. R. Saulembekov², E. B. Aubakirov³

¹National Academy of Education named after Y. Altynsarin
Astana, Republic of Kazakhstan

^{2,3}International social foundation “Bilim-Innovation”
Astana, Republic of Kazakhstan

*d.amanzholov@uba.edu.kz



Abstract. This article discusses the interim results of a study of the effectiveness of the project «50 successful schools», implemented with the assistance of the Bilim-Innovation lyceums in the Almaty region aimed at improving the quality of education and improving the creativity of teachers. The article consists of five parts. The second part provides information about the research methodology. In the third section, the results of the study were discussed and academic conclusions about the project were developed. The fourth part reveals the significance and relevance of the conclusions obtained as a result of the study, explains their place and influence in modern academic education. The final section outlined the main conclusions and recommendations. To assess the effectiveness of the project, the authors conducted a comprehensive study, including both qualitative (in-depth interviews) and quantitative (questionnaire) methods of data collection. Using a mixed approach allowed us to draw reliable and generalizable conclusions. The interim results indicate the effectiveness of the project for the teaching staff. In addition, the study identified respondents' suggestions for further improving the effectiveness of the project, which were analyzed and reflected in the relevant conclusions. The authors note that in order to form a full-fledged scientific base on the impact of teacher support on the education system, it is necessary to assess the long-term impact of the project on the quality of education upon its completion. This aspect has been identified as a promising area for further research.



Keywords: secondary education, education-innovative lyceum, teacher support, quality of education, Almaty region

Материал баспаға 10.06.2024 келіп түсті.